

2010-2012 жылдарға арналған Риддер қаласының бюджеті туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 21/2-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық әділет басқармасында 2010 жылғы 06 қаңтарда № 5-4-123 тіркелді. Күші жойылды - қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты (Риддер қалалық мәслихатының 2011 жылғы 05 қаңтардағы № 02/04-10 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты (Риддер қалалық мәслихатының 2011.01.05 № 02/04-10 хаты).

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 75-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты сессиясының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/222-IV шешіміне (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 25 желтоқсандағы 2521 нөмірімен тіркелген) сәйкес, Риддер қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2010-2012 жылдарға арналған Риддер қаласының бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға тиісінше сәйкес, соның ішінде 2010 жылға мынадай көлемдерде б е к і т і л с і н :

1) кірістер – 2185010,7 мың теңге, соның ішінде:
салықтық түсімдері бойынша - 1551147 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша - 6553 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 71136 мың теңге;
трансферттер түсімдері бойынша - 551692,7 мың теңге;

2) шығындар – 2263912,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттер беру – 1761 мың теңге, соның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 1781 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 20 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -80662,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 80662,5

м ы ң

т е ң г е .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Риддер қалалық мәслихатының

2010.11.05 № 28/5-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)
ш е ш і м і м е н .

2. 2009 жылғы 21 желтоқсандағы Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты шешімімен белгіленген әлеуметтік салық, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы және төлем көзінен ұсталатын шетел азаматтарының жеке табыс салығы бойынша қала бюджетіне түсетін түсім нормативтерінің мөлшері 2010 жылға 95 пайыз мөлшерінде белгіленсін.

3. Қала бюджетіне түсетін түсімдер 2009 жылғы 21 желтоқсандағы Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты шешімімен белгіленген қызметтерін бір реттік талондар бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғаларға салынатын жеке табыс салығынан, және төлем көзінен ұсталмайтын жеке табыс салығынан, төлем көзінен ұсталмайтын шетел азаматтарының жеке табыс салығынан табысты бөлу мөлшері 100 пайыз мөлшерінде белгіленсін.

4. 2010 жылға арналған қалалық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялар 147743 мың теңге көлемінде ескерілсін.

5. 2010 жылға арналған қалалық бюджетте “2008-2010 жылдарға арналған облыстық бюджет пен облыстың қалалары мен аудандарының бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты сессиясының 2007 жылғы 14 желтоқсандағы № 3/29-IV шешімімен бекітілген жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде қарастырылған әлеуметтік салық және жеке табыс салығының салық салынатын базасының өзгеруі есебімен бюджет саласындағы еңбек ақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты облыстық бюджетке қайтарылатын трансферттердің көлемі 60009 мың теңге мөлшерінде көзделсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының
2010.04.16 № 25/5-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)
ш е ш і м і м е н .

6. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 238-бабы 2, 3- тармақтарына сәйкес ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт салалары қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен лауазымдық жалақылары және қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайларда шұғылданатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда еңбекақылары жиырма бес пайызға көбейтіліп бекітілсін.

Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органның келісімі бойынша жергілікті атқарушы орган а н ы қ т а й д ы .

7. № 4 қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған қалалық бюджетте

азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге облыстық бюджеттен келіп түскен мақсатты ағымдағы трансферттер 30109 мың теңге көлемінде ескерілсін, соның ішінде:

25823 мың теңге - азаматтардың кейбір санаттарына (Ұлы Отан соғысына қатысқандарға және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына материалдық көмек көрсетуге;

240 мың теңге - Ауғанстанда қаза тапқандардың отбасына материалдық көмек көрсетуге;

192 мың теңге - Қазақстан Республикасы алдында еңбек сіңірген зейнеткерлерге материалдық көмек көрсетуге;

432 мың теңге - облыс алдында еңбек сіңірген зейнеткерлерге материалдық көмек көрсетуге;

2402 мың теңге - аз қамтылған отбасыларының балаларын жоғары оқу орындарында оқыту үшін (оқыту құны, стипендия, жатақханада тұру);

490 мың теңге - "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған және 1, 2 дәрежелі "Ана даңқы" орденімен марапатталған көп балалы аналарға бір реттік материалдық көмек көрсетуге;

530 мың теңге - төрт немесе одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы аналарға бір реттік материалдық көмек көрсетуге.

Ескерту. 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының 2010.04.16 № 25/5-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.07.28 № 27/2-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.11.05 № 28/5-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

7-1. Қалалық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер 80762,7 мың теңге көлемде 8-қосымшаға сәйкес көзделсін, соның ішінде:

1500 мың теңге – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

365 мың теңге – 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге;

29984,7 мың теңге – Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға, әскери қызметкерлерге, оның ішінде 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 3 қыркүйегі аралығында майдандағы әскер құрамына кірмейтін әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқыту мекемелерде запасқа босатылған (отставка), әскери қызметтен өткен, «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен немесе «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған, Ұлы Отан соғысы

жылдарында алты айдан кем емес тылда жұмыс істеген (қызметтен өткен) тұлғаларға бір жолғы материалдық көмек төлеу үшін және Ұлы Отан соғысы қатысушыларына және мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумақтары бойынша сапарларын үшін, сонымен қатар оларға және олармен бірге жүретін тұлғалардың Мәскеу және Астана қалаларында Ұлы Отан соғысының 65-жылдығына орай салтанатты іс-шараларға қатысу үшін тамақтану, тұру, жүру шығындарының төлемін қамтамасыз ету, соның ішінде:

29655 мың теңге – бір жолғы материалдық көмек төлеу үшін;

329,7 мың теңге – қоректенуді, тұруды және жол жүруді қамтамасыз етуге;

54 мың теңге – ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қорғау шараларын іске асыру үшін;

4210 мың теңге – мектепке дейінгі ұйымдарды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілік арттыру институттарын «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу материалдарымен қамтамасыз етуге ;

3928 мың теңге – ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұстауға ;

1538 мың теңге – эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;

39183 мың теңге – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік білім тапсырысын іске асыруға .

Ескерту. Шешім 7-1 тармақпен толықтырылды - Риддер қалалық мәслихатының 2010.01.26 № 22/2-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) шешімімен; 7-1 тармаққа өзгертулер енгізілді 2010.04.16 № 25/5-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.07.28 № 27/2-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.11.05 № 28/5-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

7-2. Қалалық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 4097 мың теңге көлемде 9-қосымшаға сәйкес көзделсін:

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға.

Ескерту. Шешім 7-2 тармақпен толықтырылды - Риддер қалалық мәслихатының 2010.01.26 № 22/2-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) шешімімен .

7-3. 2010 жылға арналған қалалық бюджеттің түсімдер бөлігінде республикалық бюджеттен берілетін ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 1781 мың теңге

көлемде 10-қосымшаға сәйкес, кредиттер көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 7-3 тармақпен толықтырылды - Риддер қалалық мәслихатының 2010.01.26 № 22/2-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) шешімімен.

7-4. 2010 жылға арналған қалалық бюджетте кадрларды қайта даярлауға және жұмыспен қамтамасыз ету стратегиясын іске асыру аясында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер 223426 мың теңге көлемде, 11-қосымшаға сәйкес, келесі іс-шараларды қаржыландыруға көзделсін:

35018 мың теңге – білім беру объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге;

13034 мың теңге – мәдениет объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге;

1742 мың теңге – инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және елді мекендерді дамытуға көркейтуге;

20823 мың теңге – кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға: кент іші жолдарын ағымды жөндеуге;

152809 мың теңге – аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қалалардың және елді мекендердің көшелерін жөндеуге және күтіп ұстауға.

Ескерту. Шешім 7-4 тармақпен толықтырылды - Риддер қалалық мәслихатының 2010.01.26 № 22/2-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) шешімімен; 7-4 тармаққа өзгертулер енгізілді 2010.07.28 № 27/2-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.11.05 № 28/5-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

7-5. 2010 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер 7200 мың теңге көлемде 12-қосымшаға сәйкес көзделсін.

Ескерту. Шешім 7-5 тармақпен толықтырылды - Риддер қалалық мәслихатының 2010.01.26 № 22/2-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) шешімімен; 7-5 тармаққа өзгерту енгізілді 2010.07.28 № 27/2-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7-6. Қалалық бюджетте Ұлы Отан соғысы қатысушылары мен мүгедектерін тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін 13 қосымшаға сәйкес 3750 мың теңге сомасында облыстық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

Ескерту. Шешім 7-6 тармақпен толықтырылды - Риддер қалалық мәслихатының 2010.04.16 № 25/5-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7-7. 14 қосымшаға сәйкес қалалық бюджетте сумен қамтамасыз ету

нысандарын дамытуға республикалық бюджеттен келіп түскен мақсатты трансферттер 54605 мың теңге көлемде ескерілсін, соның ішінде:
50000 мың теңге – Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласын жер асты суларымен жабдықтауға;

4605 мың теңге – “Риддер қаласын жер асты суларымен жабдықтау” нысаны бойынша жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеуге.

Ескерту. Шешім 7-7 тармақпен толықтырылды - Риддер қалалық мәслихатының 2010.11.05 № 28/5-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. 2010 жылға қаланың жергілікті атқару органының резерві 25880 мың теңге көлемінде бекітілсін.

Ескерту. 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының 2010.04.16 № 25/5-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.07.28 № 27/2-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. № 5 қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған қалалық бюджеттің атқарылу барысында секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалары бекітілсін.

10. № 6 қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған Пригородный ауылдық округі және Үлбі кенттік округі бойынша бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

11. № 7 қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған қалалық бюджет дамуының бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

12. Осы шешім 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Кезекті сессияның төрағасы

В. Титов

Қалалық мәслихат хатшысы

А. Ермаков

2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 21/2-IV
Риддер қалалық мәслихаттың
XXI сессиясының шешіміне
№ 1 қосымша

2010 жылға арналған Риддер қаласының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Риддер қалалық мәслихатының 2010.11.05 № 28/5-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

| Санаты | | | | мың теңге |
|-------------|----|---|---|-----------|
| Сыныбы | | | | |
| Ішкі сыныбы | | | | |
| Ерекшелігі | | | | |
| | | | Атауы | |
| | | | I. Кірістер | 2185010,7 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 1551147 |
| | 01 | | Табыс салығы | 496954 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 496954 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 393218 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 393218 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 576632 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 265629 |
| | | 3 | Жер салығы | 229909 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 80960 |
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 134 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 62734 |
| | | 2 | Акциздер | 6126 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 44800 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 10308 |
| | | 5 | Құмар ойын бизнеске салық | 1500 |
| | 08 | | Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғалар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 21609 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 21609 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 6535 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 5400 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 5400 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 1135 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 1135 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер | 71136 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 71136 |
| | | 1 | Жерді сату | 66636 |
| | | 2 | Материалдық емес активтерді сату | 4500 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 551692,7 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 551692,7 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 551692,7 |
| 6 | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 4500 |
| | 01 | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 4500 |

| | | | | |
|-------------------------------|---|-----|--|-----------|
| | 1 | | Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер | 4500 |
| Функционалдық топ | | | | мың теңге |
| Кіші функция | | | | |
| Бюджеттік бағдарлама әкімшісі | | | | |
| Бағдарлама | | | | |
| Атауы | | | | |
| | | | II. Шығындар | 2263912,2 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 115270,7 |
| | 1 | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 82694,7 |
| | | 112 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 12981 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 12981 |
| | | 122 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 51362,7 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 47653,7 |
| | | 002 | Ақпараттық жүйелер құру | 2301 |
| | | 004 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру | 1408 |
| | | 123 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 18351 |
| | | 001 | Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 18240 |
| | | 023 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру | 111 |
| | 2 | | Қаржылық қызмет | 18393 |
| | | 452 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 18393 |
| | | 001 | Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (облыстық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 16528 |
| | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 565 |
| | | 004 | Бір жолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру | 1127 |
| | | 010 | Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру | 10 |
| | | 011 | Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, бағалау, сақтау, бағалау және сату | 34 |
| | | 019 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру | 129 |
| | 5 | | Жоспарлау және статистикалық қызмет | 14183 |
| | | 453 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 14183 |

| | | | | |
|----|---|-----|--|---------|
| | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және аудандық (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 14028 |
| | | 005 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру | 155 |
| 02 | | | Қорғаныс | 8186 |
| | 1 | | Әскери мұқтаждар | 8186 |
| | | 122 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 8186 |
| | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару аясындағы іс-шаралар | 8186 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 1410 |
| | 1 | | Құқық қорғау қызметі | 1410 |
| | | 458 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1410 |
| | | 021 | Елді мекендерде жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 1410 |
| 04 | | | Білім беру | 1230417 |
| | 1 | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 201292 |
| | | 123 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 23429 |
| | | 004 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқытуды ұйымдарын қолдау | 23429 |
| | | 464 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі | 177863 |
| | | 009 | Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету | 177863 |
| | 2 | | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру | 951000 |
| | | 123 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 572 |
| | | 005 | Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру | 572 |
| | | 464 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 950428 |
| | | 003 | Жалпы білім беру | 892734 |
| | | 006 | Балаларға қосымша білім беру | 57694 |
| | 9 | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер | 78125 |
| | | 123 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 9286 |
| | | 018 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру аясында білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу | 9286 |
| | | 464 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі | 68483 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 4612 |
| | | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 20526 |
| | | | | |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|----------|
| | | 011 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру аясындағы білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу | 43235 |
| | | 013 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру | 110 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 356 |
| | | 037 | Білім беру нысандарын салу және қайта құру | 356 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 200900,8 |
| | 2 | | Әлеуметтік көмек | 174574,8 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 754 |
| | | 003 | Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету | 754 |
| | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 173820,8 |
| | | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 42265,1 |
| | | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру ету, мәдениет және спорт мамандарына жанармай сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 80 |
| | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 5724 |
| | | 006 | Тұрғын үй көмегі | 19819 |
| | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек | 54317 |
| | | 010 | Үйде тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету | 3624 |
| | | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету | 14204 |
| | | 016 | 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар | 1857 |
| | | 017 | Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызметін көрсету | 1946 |
| | | 019 | Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз ету | 329,7 |
| | | 020 | Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа | 29655 |

| | | | | |
|----|-----|-----|--|--------|
| | | | босатылған (отставка), «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен немесе «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу | |
| 9 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 26326 |
| | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 26326 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 25326 |
| | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 1000 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 108085 |
| 1 | | | Тұрғын үй шаруашылығы | 10711 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 7500 |
| | | 004 | Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету | 7500 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 3211 |
| | | 003 | Мемлекеттік коммуналдық тұрғын-үй қорының тұрғын-үй құрылысы және (немесе) сатып алу | 3211 |
| 2 | | | Коммуналдық шаруашылық | 64177 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 2600 |
| | | 030 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру аясында инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеу және елді-мекендерді көркейту | 2600 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 61577 |
| | | 006 | Сумен жабдықтау жүйесін дамыту | 61577 |
| 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 33197 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 2502 |
| | | | | |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|----------|
| | | 008 | Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру | 1813 |
| | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 689 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 30695 |
| | | 015 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 18346 |
| | | 016 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 4280 |
| | | 017 | Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқтарды жерлеу | 660 |
| | | 018 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру | 7409 |
| 08 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 177628,3 |
| | 1 | | Мәдениет саласындағы қызмет | 82508 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 82508 |
| | | 003 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 82508 |
| | 2 | | Спорт | 8198 |
| | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі | 8198 |
| | | 006 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 1746 |
| | | 007 | Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 6452 |
| | 3 | | Ақпараттық кеңістік | 48594 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 40621 |
| | | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі | 36637 |
| | | 007 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту | 3984 |
| | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 7973 |
| | | 002 | Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатын жүргізу | 5218 |
| | | 005 | Телерадиохабарлары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу | 2755 |
| | 9 | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер | 38328,3 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 22743 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 3288 |
| | | 004 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде мәдениет объектілерін күрделі, ағымды жөндеу | 19455 |
| | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 10245,3 |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|--------|
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 6920,3 |
| | | 003 | Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру | 3217 |
| | | 007 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру | 108 |
| | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 5340 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 5340 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 39518 |
| | 1 | | Ауыл шаруашылығы | 574 |
| | 453 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 54 |
| | | 099 | Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру | 54 |
| | 475 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі | 520 |
| | | 007 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру | 520 |
| | 6 | | Жер қатынастары | 6187 |
| | 463 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 6187 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 6187 |
| | 9 | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер | 32757 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 31219 |
| | | 019 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру аясында ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру | 31219 |
| | 475 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі | 1538 |
| | | 013 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 1538 |
| 11 | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 9795 |
| | 2 | | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 9795 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 9795 |
| | | | Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік | |

| | | | | |
|----|-----|-----|--|--------|
| | | 001 | саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайлы және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 9667 |
| | | 013 | Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу | 0 |
| | | 016 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жаратқандыру | 128 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 266932 |
| | 1 | | Автомобиль көлігі | 34995 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 21875 |
| | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының қызмет етуін қамтамасыз ету | 21875 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 13120 |
| | | 023 | Автомобиль жолдарының қызмет етуін қамтамасыз ету | 13120 |
| 9 | | | Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер | 231937 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 51161 |
| | | 020 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру аясында елді мекендер автомобиль жолдарын жөндеу және ұстау | 51161 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 180776 |
| | | 008 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру аясында аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қала және елді-мекендер көшелерін жөндеу және ұстау | 180197 |
| | | 024 | Кентшілік (қалаішілік) және ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру | 579 |
| 13 | | | Басқалар | 45655 |
| | 9 | | Басқалар | 45655 |
| | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 25880 |
| | | 012 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві | 25880 |
| | 453 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 181 |
| | | 003 | Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оған сараптама жүргізу | 181 |
| | 475 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі | 11107 |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|----------|
| | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және ветеринарии саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 10539 |
| | | 004 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жаратандыру | 568 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 8487 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 8389 |
| | | 014 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жаратандыру | 98 |
| 15 | | | Трансферттер | 60114,4 |
| | 1 | | Трансферттер | 60114,4 |
| | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 60114,4 |
| | | 006 | Мақсатты пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару | 105,4 |
| | | 020 | Бюджет саласындағы еңбекақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы мақсатты трансферттер | 60009 |
| | | | III. Таза бюджеттік кредит беру | 1761 |
| | | | бюджеттік кредиттер | 1781 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 1781 |
| | 1 | | Ауыл шаруашылығы | 1781 |
| | 453 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 1781 |
| | | 006 | Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер | 1781 |
| | 5 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 20 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 20 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 20 |
| | | | IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -80662,5 |
| | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 80662,5 |
| | 7 | | Қарыздар түсімі | 1781 |
| | | 01 | Мемлекеттік ішкі қарыздар | 1781 |
| | | 2 | Қарыз алу келісім шарттары | 1781 |
| 16 | | | Қарыздарды өтеу | 20 |
| | 1 | | Қарыздарды өтеу | 20 |
| | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 20 |
| | | 008 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 20 |

| | | | |
|---|----|---|---------|
| 8 | | Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары | 78901,5 |
| | 01 | Бюджет қаражаты қалдықтары | 78901,5 |
| | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 78901,5 |

Қалалық мәслихат хатшысы

А. Ермаков

2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 21/2-IV
 Риддер қалалық мәслихаттың
 ХХІ сессиясының шешіміне
 № 2 қосымша

2011 жылға арналған Риддер қаласының бюджеті

| Санаты | | | | мыңтеңге |
|--------|--------------------|---|--|----------------|
| | Сыныбы | | | |
| | Ішкі сыныбы | | | |
| | Ерекшелігі | | | |
| | Атауы | | | |
| | I. Кірістер | | | 1756061 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 1568617 |
| | 01 | | Табыс салығы | 506223 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 506223 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 397762 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 397762 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 583486 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 281357 |
| | | 3 | Жер салығы | 228608 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 73337 |
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 184 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 63894 |
| | | 2 | Акциздер | 6024 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 44300 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 12507 |
| | | 5 | Құмар ойын бизнеске салық | 1063 |
| | 08 | | Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 17252 |

| | | | | |
|--|----|-----|--|------------------|
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 17252 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 7613 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 6000 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 6000 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 1613 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 1613 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер | 20269 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 20269 |
| | | 1 | Жерді сату | 20000 |
| | | 2 | Материалдық емес активтерді сату | 269 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 159562 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 159562 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 159562 |
| Функционалдық топ | | | | мың теңге |
| Кіші функция | | | | |
| Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі | | | | |
| Бағдарлама | | | | |
| Атауы | | | | |
| II. Шығындар | | | | 1756061 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 117483 |
| | 1 | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 84381 |
| | | 112 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 14203 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 14203 |
| | | 122 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 50381 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 50381 |
| | | 123 | Қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 19797 |
| | | 001 | Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 19797 |
| | 2 | | Қаржылық қызмет | 18179 |
| | | 452 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 18179 |
| | | | Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (облыстық маңызы бар қала) | |

| | | | | |
|----|-----|-----|--|---------|
| | | 001 | саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 17463 |
| | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 445 |
| | | 010 | Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру | 153 |
| | | 011 | Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, бағалау, сақтау, бағалау және сату | 16 |
| | | 019 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | 102 |
| 5 | | | Жоспарлау және статистикалық қызмет | 14923 |
| | 453 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 14923 |
| | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және аудандық (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 14789 |
| | | 005 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | 134 |
| 02 | | | Қорғаныс | 12660 |
| | 1 | | Әскери мұқтаждар | 8337 |
| | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 8337 |
| | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 8337 |
| | 2 | | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | 4323 |
| | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 4323 |
| | | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 4323 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 1459 |
| | 1 | | Құқық қорғау қызметі | 1459 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1459 |
| | | 021 | Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 1459 |
| 04 | | | Білім беру | 1223519 |
| | 1 | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 182625 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 15453 |
| | | 004 | Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарын қолдау | 15453 |
| | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 167172 |
| | | 009 | Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету | 167172 |
| | 2 | | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру | 1008242 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 534 |

| | | | | |
|----|-----|-----|--|---------|
| | | 005 | Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру | 534 |
| | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 1007708 |
| | | 003 | Жалпы білім беру | 939673 |
| | | 006 | Балаларға қосымша білім беру | 68035 |
| 9 | | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер | 32652 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 2667 |
| | | 018 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу | 2667 |
| | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі | 29985 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 5408 |
| | | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 13467 |
| | | 011 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу | 11110 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 118517 |
| | 2 | | Әлеуметтік көмек | 90833 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 894 |
| | | 003 | Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету | 894 |
| | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 89939 |
| | | 002 | Еңбекпен қамту бағдарламасы | 22949 |
| | | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 63 |
| | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 3936 |
| | | 006 | Тұрғын үй көмегі | 19679 |
| | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек | 15677 |
| | | 010 | Үйде тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету | 3174 |
| | | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету | 17431 |
| | | 016 | 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар | 1444 |

| | | | | |
|----|---|-----|---|--------|
| | | 017 | Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсетуі | 5586 |
| | 9 | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 27684 |
| | | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 27684 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 27184 |
| | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 500 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 20696 |
| | 2 | | Коммуналдық шаруашылық | 1019 |
| | | 458 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1019 |
| | | 030 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеу және елді-мекендерді көркейту | 1019 |
| | 3 | | Елді-мекендерді көркейту | 19677 |
| | | 123 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 2144 |
| | | 008 | Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру | 1515 |
| | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 629 |
| | | 458 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 17533 |
| | | 015 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 13184 |
| | | 016 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 2178 |
| | | 017 | Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқтарды жерлеу | 723 |
| | | 018 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру | 1448 |
| 08 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 124266 |
| | 1 | | Мәдениет саласындағы қызмет | 42405 |
| | | 455 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 42405 |
| | | 003 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 42405 |
| | 2 | | Спорт | 6538 |
| | | 465 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі | 6538 |
| | | 006 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 1489 |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|-------|
| | | 007 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 5049 |
| 3 | | | Ақпараттық кеңістік | 50537 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 44659 |
| | | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі | 40267 |
| | | 007 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту | 4392 |
| | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 5878 |
| | | 002 | Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатын жүргізу | 4237 |
| | | 005 | Телерадиохабарлары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу | 1641 |
| 9 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер | 24786 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 9202 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 3981 |
| | | 004 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде мәдениет объектілерін күрделі, ағымды жөндеу | 5221 |
| | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 10095 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 7563 |
| | | 003 | Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру | 2532 |
| | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 5489 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 5489 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 14734 |
| | 6 | | Жер қатынастары | 6551 |
| | 463 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 6551 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 6551 |
| | | | | |

| | | | | |
|----|---|-----|---|-------|
| | 9 | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер | 8183 |
| | | 123 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 8183 |
| | | 019 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру | 8183 |
| 11 | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 11179 |
| | 2 | | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 11179 |
| | | 467 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 5901 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 5799 |
| | | 018 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | 102 |
| | | 468 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі | 5278 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 5278 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 87102 |
| | 1 | | Автомобиль көлігі | 24956 |
| | | 123 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 18336 |
| | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 18336 |
| | | 458 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 6620 |
| | | 023 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 6620 |
| | 9 | | Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер | 62146 |
| | | 123 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты | 13781 |
| | | 020 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде елді мекендер көшелерін жөндеу және ұстау | 13781 |
| | | 458 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 48365 |
| | | 008 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қала және елді-мекендер көшелерін жөндеу және ұстау | 48051 |
